



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

11.10.2023 № 4 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2023 жылғы
11 қазандағы қаулысы**

**ІТ жобаларды іске асыру және
«Астана қаласының Цифрландыру және
мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ
жұмысының нәтижелілігі**

Бланк сериялық нөмірсіз жарнамасын
Бланк без серийного номера не действителен

«ІТ жобаларын іске асыру және «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-нің жұмысының нәтижелілігі» ақпаратын тыңдалап және талқыладап, Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәспікерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мыналарды атап өтеді.

«Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) инновациялық қызмет, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ақпараттандыру, цифрландыру, байланыс, «электрондық үкімет», мемлекеттік қызметтер көрсету салаларында басшылықты жүзеге асырады.

Мысалы, Басқарма Астана қаласындағы «Сергек» фото-бейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешені; «IQala» қалалық қызметтер орталығы; «iKOMEK 109» бірыңғай байланыс орталығы; «Smart Astana»; «Зираттарды цифрландыру» және т. б. жобаларды іске асыру бойынша бақылауды жүзеге асырады.

«Сергек» жобасын енгізу елорданың жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамдық қауіпсіздікке оң әсерін тигізді.

«IQala» қалалық қызметтер орталығы - бұл «бір терезе» қағидаты бойынша жеке және заңды тұлғаларға коммуналдық қызметтер көрсетуді біріктіретін қала тұрғындары мен қала билігінің екіжақты өзара қатынасының жаңа форматы.

24/7 режимінде жұмыс істейтін «iКОМЕК 109» бірыңғай байланыс орталығы коммуналдық кәсіпорындардың барлық байланыс орталықтарын біріктіреді және қала тұрғындарымен бірыңғай байланыс нүктесі болып табылады. Барлық өтініштер өндөліп, тіркеу нөмірі беріле отырып, тұрғындардың өтініштері тізіліміне енгізіледі және мәселені белгіленген мерзімде шешу үшін одан әрі мемлекеттік органдарға, коммуналдық қызметтерге жолданады.

Бірыңғай интерфейсте жиналған қалалық қызметтер мен сервистердің кең спектріне қол жеткізуі ұсыну мақсатында «Smart Astana» қосымшасы құрылды.

Елордада зираттарды цифрландыру жүйесін енгізу шенберінде zherleu.astana.kz ақпараттық жүйесі өзірленді, ол жерленген жерді іздеуді жеңілдетуге, қабір ұстіндегі құрылыштарды ауыстыруды, жерлеу орындарының мөлшерін, жерлеу орындарын бөлу кезінде кезектіліктің сақтауын бақылауға көмектеседі.

Көлік саласында «Нұр-Сұлтан қаласының зияткерлік көлік жүйесі» (ITS) жобасы іске асырылуда, оған бағдаршам объектілерін адаптивті басқару; қоғамдық көліктің жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі; қоғамдық көлікті диспетчерлеу сияқты компоненттер кіреді.

Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі - Мәслихат депутаттары) атап өткендегі, Басқарма цифрландыру, инновациялық қызмет және IT жобаларды іске асыру саласында орасан зор жұмыс жүргізді.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда бірқатар мәселелерді шешу қажет, соның ішінде қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, яғни әсіресе, қаланың тұрғын алаптарында және әлеуметтік сала объектілерінде бейнебақылау камераларын орнату мәселесі.

Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығының ақпаратына сәйкес, елорда тұрғындары «Smart Astana» мобиЛЬДІК қосымшасының жұмысындағы іркілістерге қатысты шағымдармен көп жүгінеді, яғни, коммуналдық қызметтер бойынша көрсеткіштерді беру, көлік және лифт картасын толықтыру кезінде қыындықтар туындаиды.

Бұған дейін қалалық мәслихат депутаттары мобиЛЬДІ қосымшалар арқылы жол ақысын қолма-қол ақшасыз төлеу жүйесіндегі техникалық кемшіліктерге қатысты мәселені көтерген болатын, бұл автобус парктерінің табыстылығына теріс әсер етеді және нәтижесінде тарифтерді көтеру қажеттілігіне әкеп соғады.

Сондай-ақ, депутаттар 2024-2029 жылдарға арналған «Астана қаласында фото-бейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешенін дамыту және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жаңа жобасын енгізу кезінде Басқарма жетілдірілген аппараттық және бағдарламалық кешендер енгізу бөлігінде басқа өнірлердің оң тәжірибесін ескеруі қажет екенін атап өтті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. Атқарушы органның «IT жобаларын іске асыру және «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ жұмысының нәтижелілігі» ақпараты назарға алынын.

2. «Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-не «Астана Innovations» АҚ-мен бірлесіп:

инновациялық қызмет, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ақпараттандыру, цифрландыру, байланыс, «электрондық үкімет» және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыстарды күшайту;

Астана қаласының аумағында цифрландырудың бірыңғай саясатын әзірлеу;

әлеуметтік обьектілерде (мектептерде, балабақшаларда, медициналық, спорт мекемелерінде және т. б.) бейнекамералар (бағдарламалық қамтамасыз ету) орнату бойынша тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету;

қалада орнатылған ескерткіштердің жанына бейнебақылау камераларын орнату;

қалалық кітапханаларды цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыру және аяқтау;

тиісті активтерді - мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы шенберінде орнатылған аппараттық-бағдарламалық кешендерді түгендеу жөніндегі жұмысты жеделдету;

IT жобаларды іске асыру бойынша жеделдетілген жұмысты қамтамасыз ету, оның ішінде шлагбаумдар (өрт сөндірушілерді, жедел жәрдем және т. б. өткізу жүйесі) бойынша, дизель отынын үнемдеу мақсатында коммуналдық көлікті цифрландыру және т. б. мәселелер;

енгізілген аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етулерді жұмыста пайдалану бойынша жеделдік, сапа және аз шығындар бөлігінде басқа өнірлердің табысты тәжірибесін қарастыру және ескеру;

«Smart Astana» мобиЛЬДІ қосымшасының жұмыс моделін жетілдіру, бұл ретте қала халқы үшін қосымшаның қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қосымшаны әрбір мемлекеттік органға арнап әзірлеуді ескеру;

«Smart Astana» мобиЛЬДІК қосымшасының жұмысы кезінде іркілістерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдау және оның жұмысының жеделдігін арттыру;

елорда аумағында интернеттің қолжетімділігін, ұялы байланыс сигналын және интернет сапасын жақсартуды қамтамасыз ету;

халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала ауданының тұрғын алаптарында бейнекамералар орнатуды қамтамасыз ету;

17 округтен бір мандатты депутаттарға 2023 жылғы 24 қазанға дейінгі мерзімде тұрғын алаптардағы бейнекамералар санына қатысты ақпарат беру;

2023 жылғы 24 қазанға дейінгі мерзімде Астана қаласының «Сарыарқа» ауданы бойынша орнатылатын бейнекамералардың жалпы саны бойыншақпарат беру;

электр желілерінің, кабельдердің және т. б. үрлануының алдын алу мақсатында № 1 Индустримальық парк аумағында бейнекамералар орнату мүмкіндігін қарастыру.;

ағымдағы жылғы 31 қазанға дейінгі мерзімде ағымдағы жылғы қарашада мұдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен мәслихат отырысын үйімдастыру үшін «Сергек» жобасының мерзімін ұзарту себептерін негіздей отырып, құжаттардың толық пакетін ұсыну;

цифрандыру мәселелері бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Цифрандыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-не, «Астана Innovations» АҚ-на «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

балалардың кешенді қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде 4 (кемінде) қалалық білім беру үйімдарында тиісті аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу жөніндегі пилоттық жобаны құру және іске асыруды бастау ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Цифрандыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ-не «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ-мен бірлесіп:

мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысты іске асыру шеңберінде жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша есепті цифрандыру жобасын әзірлеу ұсынылсын.

5. Осы қаулыны орындау бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты мемлекеттік органдар қалалық мәслихатқа көрсетілген және бір ай мерзімде ұсынсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Астана қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы

К

К. Адамбеков